

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 21 қарашадағы N 1425 және 1996 жылғы 31 желтоқсандағы N 1742 қаулыларына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 5 маусым N 930. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2001.07.21. N 985 қаулысымен. ~P010985

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысының өзгертілуіне байланысты кейбір шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 23 мамырдағы N 3523 N973523_ өкіміне сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

Қазақстан Республикасы Үкіметінің мынадай шешімдеріне толықтырулар мен өзгерістер енгізілсін:

1

ЕСКЕРТУ. 1-тармақтың күші жойылды - ҚР Үкіметінің 1999.09.21. N 1433 қаулысымен. P 9 9 1 4 3 3 _

2. "Облыстар мен Алматы қаласы әкімдері аппаратының үлгілік құрылымы, олардың дербес атқарушы органдарының тізбесі, қызметкерлерінің жалпы санының лимиттері, қызметтік жеңіл автомобильдерінің саны, еңбекақы қоры және қызметтік іссапарларға арналған шығындар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 31 желтоқсандағы N 1742 P961742_ қаулысына:

аталған қаулыға 2-қосымшаның атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"Облыстардың және Алматы қаласы әкімдерінің дербес атқарушы органдарының үлгі тізбесі";

аталған қаулыға 2-қосымшаның ескертпесі мынадай мазмұндағы екінші абзацпен толықтырылсын:

"Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын органдардың тізбесіне өзгерістерді облыстардың және Алматы қаласы әкімдерінің қарауы бойынша 1997 жылдың аяғына дейін енгізуге болады";

аталған қаулыға 3-6 қосымшалар 3-6 қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын:

Премьер-Министрі

КӨШІРМЕ

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1997 жылғы 5 маусымдағы
N 930 қаулысына
1-қосымша

Республикалық бюджеттен қаржыландырылатын орталық
атқарушы органдардың аумақтық бөлімшелері қызметкерлерінің
шекті саны

Орталық атқарушы органдары аумақтық бөлімшелерінің атаулары	Адам саны
--	-----------

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің
Жылжымайтын мүліктерді тіркеу жөніндегі
қызметті қоса алғанда, облыстық, қалалық
басқармалары 730*

Ескерту:

Саны жылжымайтын мүліктерді тіркеу
жөніндегі қызметті ескере отырып
келтірілді

КӨШІРМЕ

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1997 жылғы 5 маусымдағы
N 930 қаулысына
2-қосымша

Министрліктердің, мемлекеттік комитеттердің және республикалық бюджеттің есебінен ұсталатын өзге де орталық және жергілікті атқарушы органдары аумақтық бөлімшелерінің қызметтік жеңіл автомобильдер санының
ЛИМИТІ

Атаулары	Автомобильдер саны	
Әділет мекемелері:	383	
облыстардың, Алматы қалалық соттары		55
аудандық (қалалық) соттар	293	
Әділет басқармалары	35	